

#КүшімізБірлікте

Біз дамудың жаңа дәуіріне қадам бастық. Қазақстанда қарқынды және жан-жақты жаңару үдерісі жүріп жатыр.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ



ЗАҢСЫЗ ӨРЕКЕТТЕРГЕ – ТОСҚАУЫЛ!

2

● МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА



ЕҢБЕГІ ЕРЕН ТҮЛҒА

Жексембек Еркімбековке
ескерткіш-тақта
қойылды

3

● ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ



ҚАЗАҚ ӨНЕРІНІҢ 100 ЖАУНАРЫ

12

● KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

21.01.2023

Түнде:



-12-14 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-4-6 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

22.01.2023

Түнде:



-12-14 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-4-6 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

www.almaty-akshamy.kz

№8-9 (6302) 21 қаңтар, сенбі, 2023 жыл.

● АҚОРДА

ДАМУДЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

«Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет»
қағидаты толық іске асады



Мемлекет басшысы барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы, сондай-ақ Парламент Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы Жарлықтарға қол қойды. Елімізде Мәжілістің кезектен тыс сайлауы 2023 жылғы 19 наурызда өтеді. Барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауын Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.

Президент тұжырымдағандай, Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы мемлекеттік билік институттарын жаңғырту жұмыстарының қорытынды кезеңі болмақ. Алдағы сайлаудың заңға сәйкес өтуіне, әділ әрі ашық болуына қатаң бақылау жасалады.

2

● ӘКІМ

АЛАТАУ АБАТТАНЫП КЕЛЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың
2023 жылғы халықпен алғашқы кездесуі
Алатау ауданында өтті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Шаһар басшысы ауданның дамуы және тұрғындардан келіп түскен ұсыныстар бойынша өткен жылы атқарылған жұмыстар туралы айтты.

4-5

● ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.
- Президент журналистерге қарсы бағытталған бірқатар қылмыс бойынша мұқият тергеу жүргізуді тапсырды.
- Конституциялық Сотта азаматтарға кәсіби заңгерлік көмек көрсету мәселелері талқыланды.
- Жас қаламгерлерді қолдау мақсатында Президенттің арнайы әдеби сыйлығы тағайындалады.
- Премьер-Министр Қазақстан машина жасаушылар одағының басшысымен кездесті.
- ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі 1 наурыздан мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесін пилоттық режимде сынақтан өткізеді.
- Қазақстанда Психикалық денсаулық бірінші ақпараттық қызметінің пилоттық жобасы іске қосылады.
- Елімізде цифрлық майнинг қызметі реттеледі.
- Жастарға арналған тұрғын үй бағдарламалары қайта қаралады.
- ҚХР-дағы мерекеге байланысты 2023 жылғы 21–23 қаңтарда Қазақстан–Қытай шекарасындағы автомобиль өткізу пункттері уақытша жабылады.
- Жастар саясатын іске асыруды қамту 3,7 млн адамнан 6 млн адамға дейін көбейді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы, сондай-ақ Парламент Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы Жарлықтарға қол қойды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» бұған дейін хабарлағандай, Президент Парламент Мәжілісін тарату және мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде Парламент палаталарының төрағаларымен және Премьер-Министрмен өзі өткізген кеңесте айтылған барлық ой-тұжырымдарды ескере келе осындай нақты шешім қабылдады. Еске салсақ, Мемлекет басшысы бұл кеңесте Қазақстан халқы референдумда саяси өзгерістерге, соның ішінде Парламентті және мәслихаттарды жасақтау тәртібін жаңартуға қолдау білдіргенін, былтырғы қараша айында кезектен тыс Президент сайлауы өткенін, жуырда Сенат депутаттарының бір бөлігі сайланғанын еске салып, енді Мәжіліс пен мәслихат сайлауын өткізу қажеттігін айтқан еді. Конституцияның 63-ші және 86-шы баптарына сәйкес өткен кеңес барысында Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов және Премьер-Министр Әлихан Смайылов сөз сөйледі.

Мемлекет басшысының Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы мәлімдемесі газетіміздің бүгінгі санында жарияланып отыр.

«Парламент Мәжілісінің жетінші шақырылым депутаттарына Әділетті Қазақстанды құру бағытын заңнамалық тұрғыда қамтамасыз етіп, еліміздің өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешкен, саяси және экономикалық реформаларды жүргізуге белсенді атсалысқан, қоғамдағы тұрақтылық пен заң үстемдігін қамтамасыз еткен табысты жұмысы үшін алғыс айтамын. Мәжіліс депутаттары жоғары кәсібиліктің, азаматтардың алдында жауапкершілік және шынайы патриотизмнің үлгісін көрсетті», деп жазды Мемлекет басшысы өзінің Instagram парақшасында.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов пен түріктің «Ган Иншаат» компаниясы бас директорының міндетін атқарушы Ченгел Азиз Қазақстанда жаңа инвестициялық жобаларды іске қосу перспективаларын талқылады.

Кездесу барысында Ченгел Азиз компания республикадағы инвестицияларын кеңейтуге мүдделі екенін жеткізді. Оның айтуынша, Көкшетау қаласында ЖЭО салу жобасының болашағы зор. Премьер-Министр Түркия Республикасы Қазақстан үшін маңызды стратегиялық серіктес екенін, сондықтан Үкімет өзара тиімді жаңа жобаларды іске асыруды қолдайтынын атап өтті. Ол еліміздің Энергетика министрлігі Көкшетауда ЖЭО салу жобасы бойынша ашықтық пен бәсекелестік қағидаттарымен ашық тендер өткізетінін, оған барлық әлеуетті инвесторлар қатыса алатынын айтты.

Өзірленген техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес, Көкшетаудағы жаңа ЖЭО-ның электр қуаты 240 МВт, жылу қуаты – 520 Гкал/сағ. Жобаны қаржыландыру тендерде жеңіп шыққан инвестордың қаражаты есебінен жүзеге асырылмақ.

■ САЙЛАУ-2023

ҚР Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы Президент Жарлығы жарияланғаны белгілі.

Елімізде Мәжілістің кезектен тыс сайлауы 2023 жылғы 19 наурызда өтеді. Барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауын Орталық сайлау комиссиясы белгілейді. Бұған дейін 2023–2025 жылдарға арналған республикалық бюджеттің жобасын Парламентте қарау барысында Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауын өткізуге 2023 жылға 33,4 млрд теңге сомасында шығыстар қарастырылды (бұған дейін бюджет жобасында 2025 жылға қарастырылған). Бұл шығыстар саяси партиялардан партиялық тізімдер бойынша, сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша жаңа аралас сайлау жүйесін енгізуді ескере отырып есептелген.

■ ТӨРАҒА

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев Президентке есеп беріп, мекеменің 2022 жылғы атқарған жұмыстарының негізгі қорытындысы және алдағы кезеңге арналған жоспары туралы баяндады.

Ермек Сағымбаевтың айтуынша, террористік қатерлерді азайту үшін алдын алу жұмыстары жүргізілді. Үш террорлық актіге дайындық кезеңінде тосқауыл қойылған. Кезектен тыс президенттік сайлау кезінде жаппай тәртіпсіздікті жоспарлаған радикалды топ жойылды. Лаңкестік және экстремистік қылмыстар жасағаны үшін 56 адам сотталды. Терроризм мен діни экстремизмге қатысы бар 134 шетел азаматының елге кіру әрекетінің жолы кесілді. Аса қауіпті 15 ұйымдасқан қылмыстық топ құрықталып, олардың 56 басшысы және белсенді мүшелері ұсталды. 1100-ден астам қару, 598 граната және 31 860 оқ-дәрі заңсыз айналымнан шығарылды. Тәркіленген қарудың жартысына жуығы қаңтар оқиғасы кезінде ұрланған. Есірткіге қарсы 130 операция жүргізіліп, 1,3 тонна әртүрлі есірткі тәркіленді. Шетелдік серіктестермен бірге 96 халықаралық және өңірлік есірткі жеткізу арнасы тоқтатылды. Синтетикалық есірткі өндірісімен айналысқан 28 зертхана жойылды. 32 заңсыз көші-қон арнасының жолы кесіліп, оларды ұйымдастырушыларға қатысты 12 қылмыстық іс қозғалды. ҰҚК техникалық қызметтері аса маңызды инфрақұрылым объектілеріне жасалған 341,8 миллион кибер және 2 954 DDoS-шабуылға тоқсауыл қойды. Мемлекеттік шекараны бұзған 15 603 адам ұсталды. Шекара арқылы құны 21,9 миллиард теңге болатын валюта, алтын және өзге тауарларды заңсыз өткізуге жол берілмеді.

■ ҚАЗПОШТА

Басқарма төрағасы Әсел Жанасова Президент алдында есеп берді. Кездесу барысында Мемлекет басшысына ұлттық пошта операторының даму стратегиясы таныстырылды.

Әсел Жанасова баяндағандай, «Қазпошта» жұмысының басым бағыттары – қаржылық жағдайды оңалту, әлеуметтік банкті дамыту және қаржылық қызметтердің рөлін күшейту, қолданыстағы инфрақұрылымдар базасында мемлекеттік қызметтерді ұсыну мүмкіндігін кеңейту, сондай-ақ электронды коммерция мен халықаралық сәлемдемелерге баса мән бере отырып, дәстүрлі пошта бизнесінің тиімділігін арттыру. Төраға бизнеске ауылдың әрбір тұрғынына қызмет көрсету және тауар жеткізу мүмкіндігін беру үшін компанияның инфрақұрылымын, логистикалық және бөлімшелік желілерін дамытуға қатысты жоспары туралы мәлімет берді. Кездесу соңында Мемлекет басшысы аймақтардағы пошта операторы жұмысының әлеуметтік маңыздылығына назар аударып, аталған бағыттар жөніндегі стратегияны жүзеге асыру ісін жалғастыруды тапсырды.

АҚОРДА

ДАМУДЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

«Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты толық іске асады



Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың
Парламент Мәжілісі және мәслихат
депутаттарының кезектен тыс сайлауын
тағайындау туралы
МӘЛІМДЕМЕСІ

Күрметті отандастар!

Мен Конституцияға сәйкес, Парламент палаталарының төрағаларымен, Премьер-Министрмен кеңесіп, Мәжілісті тарату және мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Жарлықтарға қол қойдым. Депутаттарға белсенді әрі жемісті жұмысы үшін алғыс айтамын. Мәжіліс пен мәслихат депутаттары еліміздегі ауқымды реформаларды іске асыруға барынша атсалысты. Олар сайлаушылармен жиі кездесу өткізді. Шалғайдағы елдімекендерге барды. Сондай-ақ, жұртты толғандырған өзекті мәселелерді көтеріп, қоғамдық пікірталасқа ұйытқы болды.

Жаңадан сайланатын депутаттар да жұмысты осы қарқынмен жалғастырып, еліміздің жан-жақты жаңғыруына ерекше үлес қосады деп сенемін. Мәжілістің кезектен тыс сайлауы 2023 жылғы 19 наурызда өтеді. Барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауын Орталық сайлау комиссиясы белгілейді. Өздеріңізге мәлім, мен былтыр күздегі Жолдауымда Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы осы жылдың бірінші жартысында болатынын жарияладым. Яғни бұл бастама айтылған сәттен сайлауға дейін жарты жылдан астам уақыт өтеді. Тәуелсіздік жылдарында сайлауға дайындалу үшін кандидаттар мен саяси партияларға осыншама көп уақыт берілген емес.

Мәжілістің және мәслихаттардың кезектен тыс сайлауы – конституциялық реформаның жалғасы.

Былырғы референдумда халқымыз бұл реформаға қолдау білдірді. Соның нәтижесінде еліміз өкілді билікті жаңа, әділ әрі ашық бәсекеге жол ашатын қағида бойынша жасақтауға көшті.

Енді Мәжіліс депутаттарының 70 пайызы партиялық тізім арқылы, ал қалған 30 пайызы бір мандатты округтерден сайланады. Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихат депутаттары да аралас жүйе бойынша сайланады. Депутаттардың 50 пайызы бір мандаттық жүйе арқылы, 50 пайызы партиялық тізім бойынша өтеді. Ал аудан және облыстық маңызы бар қалалардағы мәслихат сайлауында азаматтар бір мандатты округтерден шыққан кандидаттарға дауыс береді. Осылайша Мәжіліс пен мәслихаттар жаңа үлгі бойынша жасақталады. Сонда сайлаушылардың мүддесі жалпыұлттық және аймақтық деңгейде толық қорғалады. Өкілді билікке түрлі көзқарастағы азаматтардың келуіне мүмкіндік туады. Азаматтық қоғамның одан әрі дамуына айтарлықтай жағдай жасалады.

Конституциялық реформа аясында саяси партияларды тіркеу рәсімі жеңілдетілді. Атап айтқанда, партия мүшелерінің санына қатысты талап өзгерді. Оның төменгі шегі төрт есе төмендеп, 20 мыңнан 5 мыңға дейін азайды. Партиялардың әр аймақтағы өкілдерінің саны кемінде 600 адам болуға тиіс еді, ал қазір 200 адамға дейін төмендеді. Осы және басқа да жүйелі шаралардың нәтижесінде елімізде көп уа-

қыттан бері алғаш рет бірнеше жаңа саяси партия тіркелді.

Сонымен бірге, сайлау бюллетеніне «бәріне қарсымын» деген бағанның енгізілуі өте маңызды шешім болды. Партиялардың Мәжіліске өтуіне қажетті дауыстың төменгі шегі 7-ден 5 пайызға дейін азайды. Бұл да – елімізді демократияландыру жолындағы айрықша мәні бар қадам. Сайлау үдерісіне қоғамның түрлі өкілдерін барынша тарту үшін заңнамаға басқа да тың өзгерістер енгізілді. Мысалы, депутаттық мандаттың 30 пайызын өйелдерге, жастарға және ерекше қажеттілігі бар азаматтарға бөлу заң жүзінде бекітілді. Мұның бәрі саяси бәсекені күшейтеді, саяси жүйенің ашықтығын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, саясаткерлердің жаңа буынының қалыптасуына жол ашады.

Сайлау науқанын ұйымдастыру және оны өткізу ісінде аумақтық сайлау комиссиялары маңызды рөл атқарады. Енді облыстық сайлау комиссиялары кәсіби түрде тұрақты жұмыс істейді. Бұл шешім сайлауға қатысты іс-шаралардың сапалы атқарылуын қамтамасыз етеді.

Алдағы сайлаудың заңға сәйкес өтуіне, әділ әрі ашық болуына қатаң бақылау жасалады. Бұған Орталық сайлау комиссиясы және Бас прокуратура жауапты. Сайлау науқанын отандық және халықаралық байқаушылар жіті қадағалайды. Осы тұста азаматтарымыздың байқаушы ретінде белсенділік танытуы маңызды. Заңға сай барлық кандидат пен партияның бұқаралық ақпарат құралдарына шығуына бірдей мүмкіндік беріледі. Осы сайлау науқаны еліміздегі саяси мәдениеттің жоғары екенін айқын көрсетіп, қоғамымызды ұйыстыра түседі деп сенемін.

Біз дамудың жаңа дәуіріне қадам бастық. Қазақстанда қарқынды және жан-жақты жаңару үдерісі жүріп жатыр. Бұл сайлау қоғамдағы өзгерістердің көрінісі ретінде саяси жүйеміздің одан әрі жаңғыруына зор ықпалын тигізеді. Қазір әлемде дәл осындай ауқымды өзгерістерді қолға алған мемлекеттер көп емес.

Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы мемлекеттік билік институттарын жаңғырту жұмыстарының қорытынды кезеңі болмақ. Осылайша «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты толық іске асады.

Біз бір ел, бір халық болып, Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Осы жолда түрлі сын-қатерді еңсеріп, көптеген маңызды міндетті бірге атқаруымыз керек.

Мен баршаңызды азаматтық жауапкершілік танытып, Мәжіліс пен мәслихат сайлауына белсене қатысуға шақырамын.

2023 жылғы 19 қантар.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ЗАҢСЫЗ ӘРЕКЕТТЕРГЕ – ТОСҚАУЫЛ!

Мемлекет басшысы журналистерге қарсы бағытталған қылмыстарды мұқият тергеуді тапсырды



Президент құқық қорғау органдарына журналистерге қарсы бағытталған бірқатар қылмыс бойынша мұқият тергеу жүргізуді тапсырды. Бұл туралы хабарлаған Президенттің Баспасөз хатшысы Руслан Желдібай Facebook-тегі парақшасында былай деп жазды: «Қоғамдық қауіпсіздік пен мемлекеттің беделіне нұқсан келтіру үшін жасалған бұл заңсыз әрекеттердің орындаушылары ғана емес, тапсырыс берушілері де анықталуға тиіс».

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЕҢБЕГІ ЕРЕН ТҰЛҒА

Жексембек Еркімбековке ескерткіш-тақта қойылды

Алматыда Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, 1976–1987 жылдары Қазақ КСР-нің Мәдениет министрі қызметін атқарған Жексембек Еркімбековтің құрметіне мемориалдық тақта ашылды.



Досбол АТАЖАН

Ескерткіш-тақта Медеу ауданы, Қарасай батыр және Пушкин көшелерінің қиылысындағы көрнекті тұлға 46 жыл тұрған үйдің қасбетінде орнатылды. Салтанатты рәсімге Медеу ауданы әкімінің аппараты басшысы Бекжан Қуанышев, Жексембек Еркімбековтің ұлы – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Еркімбеков және өзге де қазақ зиялылары қатысты.

«Жексембек Еркімбеков мәдениет пен өнер саласында танымал музыкант және талантты ұйымдастырушы болды. Ол ұлттық мәдениет пен өнердің дамуына үлкен үлес қосты. Оның еңбегі мен жарқын бейнесі біздің жадымызда мәңгі қалады», – деп атап өтті Медеу ауданы аппаратының басшысы Бекжан Қуанышев құттықтау сөзінде.

Айта кеткен жөн, Жексембек Еркімбеков 1930 жылы Алматы облысы, Ескелді ауданы, Биғаш ауылында дүниеге келген. Ол Алматы хореографиялық училищесінің директоры, Қазақ радиосының музыкалық редакциясының, ҚазКСР ән және би ансамблінің көркемдік жетекшісі болып жұмыс істеді. Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрын басқарды.

1976 жылдан 1987 жылға дейін ҚазКСР Мәдениет министрі қызметін атқарды. Бұл қызметте жүргенінде Қазақстанның мәдениеті мен өнерінің дамуына зор үлес қосты. Оның барысында ансамбльдер мен оркестрлер құрылып, жана театрлар, филармониялар, кітапханалар, мәдениет үйлері, жылжымалы автоклубтар мен автомусейлер ашылды. Жалпы, еліміз бойынша 200-ден астам мәдениет мекемелері құрылды.

КОНФЕРЕНЦИЯ

ҒЫЛЫМ МОДЕЛІ ӨЗГЕРЕДІ

Алматыда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен «Университет ғылымының дамуы – Қазақстанның инновациялық дамуының қажетті алғышарты» атты ғылыми-тәжірибелік конференция басталды. Аталмыш конференция университеттердің ғылыми және инновациялық жетістіктерінің көрмесімен басталды.



Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Аталмыш конференция жұмысына еліміздегі жоғары оқу ордаларының ректорлары, ҒЗИ директорлары, академик-ғалымдар, оқытушы профессорлар қатысты.

Алғашқы сөз кезегін университет ректоры Жансейіт Түймебаев алып, өткізіліп отырған шараның аса маңызды екеніне тоқталды. Одан кейін сөз кезегін алған ҚР Ғылым және жоғары білім министрі:

– Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, биылдан бастап біз ғылымның моделін өзгертеміз. Өкінішке қарай, біз отыз жыл бойы Кеңес Одағынан қалған дамымаған моделмен келе жатырмыз. Ғылымға жастар келмейді. Неге десеңіз, қазіргі таңда ғылыми зерттеу институт қызметкерлерінің орташа жасы – 59, Ұлттық академиктеріміздің орта жасы – 69 жас. Екіншіден, біздің елімізде коммерцияланған, жабық форматтағы ғылым, яғни қолданбалы ғылым, нарыққа шығаратын өнімдер тым шектеулі. Мәселен, шет мемлекет-

тер ашық ғылым моделіне әлдеқашан көшкен. Соның арқасында Финляндия, АҚШ, Швейцария, Оңтүстік Корея, Греция университеттердің негізіндегі ғылымды дамытып жатыр. Ғылыми инновациялық зерттеулер негізінде, яғни жоғары оқу орындары негізінде дамыған. Сондықтан осы жылдан бастап біз де осы модельге көшуді бастадық. Ең алдымен, ғылыми кадрларды өсіруіміз керек. Жас кадрларды ғылымға тартуды бастаймыз. Ол үшін магистратура, докторантура және Ph-де гранттар санына өзгерістер енгіземіз. Қазіргі таңда 626 мың студентіміз бар. Олардың 92 пайызы бакалавр, 7-ақ пайызы магистратурада, Ph қатары бір пайызға да жетпейді. Сондықтан осы жылдан бастап, жағдайды түбегейлі өзгертеміз, – деп атап өтті Саясат Нұрбек.

Пленарлық отырыстан соң бағыттар бойынша баяндамалар тыңдалды.

БРИФИНГ

СІЗ БАСҚАҒА КЕРЕКСІЗ немесе бір тамшы қан да біреудің өмірін сақтап қалады

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына қарасты қалалық Қан орталығының директоры Жандос Нәдіров кімдердің донор бола алатыны туралы айтты.



Нұржамал ӘЛШЕВА

Мәселен, Алматы қалалық Қан орталығының 2021 жылғы статистикалық деректері бойынша қан және оның компоненттерін тапсыру саны 16 961 болса, 2022 жылы донорлар саны 18 516-ға жеткен. Пайыздық көрсеткіште 8-9 пайызға өскен.

Қан орталығының директоры донорларға қойылатын талаптар туралы да айтты. 18 жасқа толған және донорлыққа қатысуға өтініш берген кезде физикалық денсаулығы мықты, ауыр созылмалы аурулары жоқ кез келген азамат донор

бола алады. Сондай-ақ, қан доноры болғысы келетін адамның дене салмағы 50 кг-нан жоғары болуға тиіс. Қыз-келіншектер үшін әйелдер циклі аяқталғаннан кейін арада кем дегенде 5 күн өтуі керек. Жүктілік уақытша медициналық босату болып табылады, бала емізетіндер де 1 жыл мерзімге уақытша босатылады.

Майлы тағамдарды тұтынған адам донор болар алдында 4-6 сағатқа дейін қан тапсырмағаны дұрыс. Қан тапсырар алдында қара шай, қантты немесе қантсыз кофе, су ішуге және жеңіл құрғақ печенье-елер жеуге, сүт, май өнімдерін тұтынуға болмайды. Татуаж, пирсинг, татуировка жасатып, тіс дәрігеріне



барғаннан кейінгі манипуляциялардан соң өтініш берген күннен бастап 6 айға донор бола алмайсыз.

Ал АИТВ-инфекциясы, В және С вирустық гепатиттері, паразитарлық аурулар, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар, туберкулез, гормоналды аурулар, жүрек-қан тамырлары кеселдері, қатерлі ісік дерті, органдарын алып тастау, мүгедектігі бар жандар ешқашан донор бола алмайды.

Бір тамшы қан да адам өмірін сақтап қалатынын біле жүрейік. Алматы қаласындағы Қан орталығы Бұқар жырау көшесі, 47-үйде (Манас пен Байзақов көшелерінің ортасында) орналасқан. Донорларды қабылдау кестесі: дүйсенбіден сенбіге дейін сағат 9.00-ден 15.00-ге дейін.

Байланыс телефондары: 8 (727) 338-23-82, 8 (727) 338-23-81.

ЖАҚСЫ КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында танымал этнограф-ғалым Тәттігүл Қартаеваның «Сыр-Арал этнографиясы» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Кітаптың тұсаукесеріне белгілі тарихшылар, зиялы қауым өкілдері, жалпы еліміздің тарихын танып-білгісі келетін ұлтжанды азаматтар тітел қатысты.



Рая ЕСКЕНДІР

Аталмыш кітаптың тұсаукесеріне арналған жиынды әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих факультетінің деканы Досбол Байғонақов ашып, жүргізіп отырды.

Өз сөзінде туған Отанымыздың інжу-маржанына айналған асыл қазыналарымыз, құндылықтарымызды көзіңіз қарашығандай сақтап, саралап, үлкен кітапқа басып біріктірген ғалымның ұшан-теңіз еңбегінің ерекшелігіне тоқталды.

– Ұлттық құндылықтарымызды саралап, барымыз бен жоғымызды түгендей бастаған тұста қолға тиіп отырған кітап көптеген жылғы еңбектің жемісі. Біздің кешегі

«СЫР-АРАЛ ЭТНОГРАФИЯСЫ» қазақ тарихын тереңнен зерттеудің жемісі



өміріміз бен бүгінімізді жалғап отырған алтын арқаудың көлемі ғана емес, көтеріп отырған жүгі де қомақты, – деді Досбол Байғонақов.

Танымал этнограф-ғалымның қазақ тарихына, ілімі мен біліміне қосып келе жатқан еңбегі өте зор. Аталмыш кітапты оқығанда еңбек-қор жанның ұзақ жылғы зерттеу-

лерінің, төккен тері мен еткен еңбегін байқамау мүмкін емес. Сондықтан бұл күні қазақтың тарихына, әдет-ғұрпына деген жұртшылықтың інкәрлігі де, қызығушылығы да ерекше болды.

– «Сыр-Арал этнографиясы» кітабы Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен, Әлеу-



меттік кітаптарды қолдау қоры аясында жарық көріп отыр. Кітап дүкендерде сатылмайды. Дәл қазір жарыққа шыққан 3 мың дана кітап еліміздің барлық өңірлеріндегі кітапханаларға, оқу орындарына әпсәтте таратылды. Аталмыш кітап көп жылғы еңбегімнің жемісі іспетті. Ұзақ жылғы ізденіс пен са-

парлардың нәтижесі деуге болады. Жалпы, «Сыр-Арал» үлкен аймақты қамтиды. Мұнда біздің еліміздің қалың тарихы жатыр. Кітапты қолға алсаңыз, қазақ ауылының келбеті, өңірлік ескерткіштердің шығу тарихы, аймақтық этнография, әдет пен ғұрып, тіпті исламға дейінгі ғұрыптардың дінге кірігуін де оқуға болады. Тіпті, жақын тұрған көрші ауылдардың өзіндік ерекшеліктерінің бар екеніне тәңті боласыз. Мәселен, аймақтық ескерткіштердің өзіндік ерекшеліктері де бар. Ол ең алдымен, табиғатына, топырағына байланысты болып келеді. Қазақтың қыстаудан жайлауға дейінгі жүрген жолдары, көш жолдары туралы, ескі құндықтардың іздерін іздесеңіз де осы кітаптан табасыз, – дейді ғалым Тәттігүл Қартаева.

Өз кезегінде сөз алған Хезетепе университетінің профессоры Мехмет Дервиш Клыничкая жаңа кітапқа жоғары баға беріп, оны түрік тіліне аударуды ұсынды.

– Бұл еңбек қазақ тарихын тереңнен зерттеудің жемісі. Қазақтың тарихын тану үшін ең алдымен этнографияның еңбегін қарау керек дер едім. Бұл кітап ұлтының болашағын ойлап, жас ұрпақтың өткенді танып, жадында сақтауы үшін жасалған нағыз еңбек. Аталмыш кітап тек Қазақстанда ғана таралмауы керек, дүние жүзі қазақтың кім екенін, оның тарихының қаншалықты құнды екенін білуі керек. Аталмыш еңбекті шет тілдеріне аударуды қолға алуымыз керек, – деді.



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

Алматыда өңдеу
өнеркәсібінің көлемі**13%**–ға ұлғайып,
Қазақстандағы ең жоғары
өсімді көрсетті

Индустриялық аймақ

аумағында **10,3** млрд
теңгеге 6 кәсіпорын мен
3 шағын өнеркәсіп паркі
ашылдыҚала бойынша **1,4** трлн
теңге инвестиция тартылып,
жалпы көлемі 12%–ға өсті2023 жылы «Артспорт»
бағдарламасы аясында**68** мың баланы қамту
үшін 16,2 млрд теңге
бөлінді

Биыл аудандардың жеке

бюджетіне **100** млрд
теңге беріледі

Осы жылы қалаға

300 жаңа автобус сатып
алынады

ӘКІМ

АЛАТАУ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың 2023 жылғы

Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

Жыл нәтижесі

Қала басшысы Алатау ауданы тұрғындарымен өз кездесуін дәстүрлі түрде қысқа баяндамадан бастады. Ол алғысөзінде қала әкімдігі Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды әзірлеп, ол 2022 жылдың қыркүйегінде мәслихатта қабылданғанын еске салып өтті.

«Бірінші рет мен сіздердің ауданды 2022 жылдың ақпан айында аралап шықтым. Сол кезде ауданның ең маңызды проблемаларымен таныстым. Сонымен қатар, Президентіміздің тапсырмасын орындау үшін өткен жылы, құрметті Алатау ауданының тұрғындары, біз сіздермен 3 тұрақты кездесу өткіздік. Сол кездесулерде сіздер 300-ден астам мәселені көтердіңіздер. Оның ішінде 100-ден астам мәселе бойынша мен хаттамалық тапсырмалар бердім. Бүгінгі таңда 90 тапсырма орындалды, қалғандары орындалуда және менің жеке бақылауымда», – деді Е.Досаев.

Сондай-ақ, шаһар басшысы өткен жылдың қорытындысы бойынша Алматыда өңдеу өнеркәсібінің көлемі (1487 млрд теңге) 13%-ға ұлғайып, осылайша Қазақстандағы ең жоғары өсімді көрсеткенін хабарлады. Айтылған көрсеткішке Алатау ауданы елеулі үлес қосқан. Былтыр Алатау ауданында өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемі 30%-ға өсіп, 527 млрд теңгені немесе жалпы көлемнің 35%-ын құрады.

«Өткен жылы Индустриялық аймақтың аумағында 10,3 млрд теңгеге 6 кәсіпорын мен 3 шағын өнеркәсіп паркі ашылды, 500-ден астам тұрақты жұмыс орны құрылды. «Каз-Диа-Тест», «Weir Minerals», «City Stone», «Теплостил», «Stroy Production», «Электробар» зауыттары ашылды, «Qazaq Plast», «Alatau Industrial Park», «ALAESTATE» шағын өнеркәсіптік паркттері өз жұмысын бастады. Жалпы, қала бойынша 1,4 трлн теңге инвестиция тартылып, 12%-ға өсті. Оның ішінде Алатау ауданына 127 млрд теңге инвестиция құйылған», – деді қала басшысы. Сонымен қатар, ол «Астана Моторс» компаниясының жаңа зауытының құрылысы басталғанын және жалпы инвестиция көлемі 100 млрд теңгеден асатынын айтты. 2023 жылға қарай 2200 жұмыс орнын құру жоспарланған.

Шаһар басшысы биыл қалалық бюджетті бірінші нақтылау кезінде Алматы қаласында 100 млрд теңге сомасындағы шығыстар аудандық деңгейге, оның ішінде 17,3 млрд теңге – Алатау ауданына берілетінін айтып өтті.

Сумен жабдықтау және
кәріз желісін жаңғырту

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев баяндама кезінде өткен жылы Алатау ауданында атқарылған жұмыстарға және биыл ауданды дамытуға арналған жоспарларға да тоқталды.

2022 жылы «Ақбұлақ», «Шапағат», «Самғау», «Өжет» шағынаудандарында 187 шақырым орталық сумен жабдықтау және кәріз желілері бойынша жұмыс аяқталды. Нәтижесінде Алатау ауданында орталық сумен қамту 70%-тен 80%-ке, ал канализация желілері – 55%-дан 67%-ға дейін артады. «Самғау» және «Өжет» ықшамаудандары бойынша кәріз желісін толық іске қосу үшін 5 канализациялық сорғы станциясы салынып жатыр. Оны 2023 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Сонымен қатар, биыл 170 шақырым су және кәріз орталық желілерінің құрылысы жалғасып жатыр. «Қарасу», «Шаңырақ-1» шағынаудандарында 2023 жылдың 2-тоқсанында, «Әйгерім-1», «Әйгерім-2», «Боралдай» шағынаудандарында желтоқсан айында аяқталады.

«14-ші аумақ» шағынауданында 2017 жылы инженерлік желілердің құрылысын бастаған мердігер ұйымды («Керегетас Company LTD» ЖШС) сот жосықсыз деп танып, былтыр сәуір айында компания құрылыс лицензиясынан айырылды. Осыған байланысты «14-ші аумақ» шағынауданындағы жоба қайта қаралды. Техникалық аудит 2023 жылдың ақпан айының соңына дейін аяқталады.

Сонымен қатар, әкім тапсырмасы бойынша өткен жылдың қазан айынан бастап Соқпақбаев көшесіндегі желілерді ауыстыру жұмыстары басталған. Олар осы жылдың сәуір айының соңына дейін аяқталады.

«Жалпы, аталған инженерлік желілерді жаңғырту жұмыстары аяқталғаннан кейін 2025 жылдың басына қарай 30 000-ға жуық тұрғын үй орталық сумен жабдықтау және канализация желісіне қосылады, осылайша Алатау ауданы саяжай массивтерін қоспағанда, инженерлік желілермен 100% қамтамасыз етіледі», – деді қала басшысы.

Қоғамдық көлік және
жол инфрақұрылымы

Былтыр Алатау ауданында ұзындығы 42 шақырым 53 көшедегі жолға орташа жөндеу, сондай-ақ 35 көшеге ағымдағы жөндеу жүргізілді. Осы жылы ұзындығы 38 км болатын 50 көшеге орташа жөндеу жүргізу жоспарланған.

Өткен жылдың көктемінде Алматы қаласының әкімдігі 450 жаңа автобус сатып алған, оның ішінде 92 автобус Алатау ауданына берілді. Осылайша ауданда 4 жаңа маршрут ашылып, 2 маршрут



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ұзартылды. Сондай-ақ, 4 маршрут желісіндегі 52 автобус жаңартылған, яғни ауданның автобус паркі 100%-ға жаңарған.

Биыл ауданда ең көп сұранысқа ие №69, №125 және №24 автобустарын жаңарту жоспарда бар. Сондай-ақ, осы жылдың 3-тоқсанында Көліашы кентінен «Сәлем» базарына дейін №213 маршрутты іске қосу жоспарланған.

Айта кеткен жөн, Алатау ауданында 2022 жылы 40 аялдама кешені орнатылса, биыл тағы 50 аялдама қойылады.

Оқу орындарының
тапшылығы азаяды

Алатау ауданының мектептеріндегі орын тапшылығы Алматы қаласында ең жоғары көрсеткішке ие. Осы маңызды проблеманы одан әрі шешу үшін кешенді шаралар қабылдануда.

2022 жылы Алатау ауданының «Саялы», «Томирис», «Нұркент» және «Рахат-Мәдениет» шағынаудандарында 6300 орынды 4 мектеп ашылды. «Дархан» шағынауданындағы 1500 орынды жаңа мектепті биыл қаңтар айының соңында ашу жоспарланған.

Сондай-ақ, өткен жылдың қыркүйек айында «Саялы-2» шағынауданында 550 орынды мектеп құрылысы басталды. Оған қоса, биыл 10050 орынды тағы 6 мектептің құрылысын бастау жоспарланған.

«Зерделі» шағынауданында 2023 жылдың 1-тоқсанында 550 орынды мектеп құрылысын бастау көзделген. «Самғау», «Алғабас», «Қарасу», «Теректі» шағынаудандарында және «Ақбұлақ» орналасқан №154 мектепті бұза отырып, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының аясында 5 мектеп салынады.

Алатау ауданы бойынша «Мектеп автобусы» жобасы аясында осы жылға 3 мектеп (№196 – 2 автобус, №184 – 2 автобус, №210 – 5 автобус) тандап алынды, жалпы саны 1153 балаға 9 автобус бөлінді. Автобустарды сатып алуды ескере отырып, олар 2023 жылдың ақпан айында іске қосылады деп күтілуде.

Биыл жыл басында Индустриялық аймақтың аумағында кәсіптік-техникалық колледждің, сондай-ақ инновациялық технологиялар колледжінің құрылысы басталады. Бүгінгі күні «Зерделі» шағынауданы колледждің 380 орынды жатақханасы болады. Құрылыс 2024 жылдың қыркүйегіне дейін аяқталу керек.

Сонымен қатар, 2023 жылы балаларға арналған спорттық және шығармашылық үйірмелерді жан басына шаққандағы қаржыландыру жалғасады. Биыл Алматы қаласы бойынша 68 мың баланы қамту үшін 16,2 млрд теңге сомасында бюджет бекітілді. Оның ішінде Алатау ауданы үшін 2,35 млрд теңге бөлінді.

Қазіргі уақытта «Зерделі» шағынауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің және «Нұркент» шағынауданында теннис корттарының құрылысы жүріп жатыр. Бұл спорт кешендері 2023 жылдың желтоқсан айында дайын болады.

Жаңа амбулаториялар салынады

Медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін осы жылдың ақпан айында «Саялы» және «Қарасу» шағынаудандарында әрқайсысы күніне 200 адамды қабылдайтын 2 дорігерлік амбулатория құрылысын бастау жоспарланған.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Алатау ауданында 50 төсек-орынды перзентханасы бар 350 төсек-орынды бірінші көпсалалы аурухана салу үшін жобалау-металдық құжаттама әзірленетін болады. Бүгінгі күні «Зерделі» шағынауданында жер учаскесі белгіленді. Оның құрылысы 2024 жылы басталады. Сондай-ақ, былтыр тұрғындар үшін қалалық ортаның жайлылығын жақсарту мақсатында Алатау ауданында 36 қоғамдық кеңістік салынып, 53 аулаға күрделі жөндеу жүргізілді, 63 үйдің фасадтары жаңартылды.

Осы жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша 37 жобаны іске асыру жоспарланған. Аула ішіндегі аумақтардың жағдайын жақсарту үшін шұңқыр үлгісіндегі 45 контейнерлік алаң орнатылып, 23 аулаға ағымдағы жөндеу жүргізіледі. «Саялы» және «Ақбұлақ» шағынаудандарындағы қалған 63 үйдің фасадтарын жаңарту аяқталады. Бұдан басқа, 2023 жылдың соңына дейін ауданның барлық 19 жерүсті жаяу жүргіншілер өткеліне күрделі жөндеу жүргізіліп, лифтілер мен пандустардың жұмысы ретке келтіріледі.

Оған қоса, көктемде 3 ірі рекреациялық аймақ – «Өжет» шағын-



АБАТТАНЫП КЕЛЕДІ

халықпен алғашқы кездесуі Алатау ауданында өтті



ауданындағы тоғанды, Боралдай өзенінің бойын, «Зерделі» шағынауданындағы жасыл аймақты абаттандыру жұмыстары басталады. Жұмыстарды 2023 жылдың желтоқсан айында аяқтау жоспарланған.

Көше жарығымен толық қамту үшін өткен жылы Алатау ауданының жарық жартылай орнатылған 513 көшесі мен 31 жарық жоқ аулалары бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленді. Оның ішінде 2022 жылы 135 көшеде сыртқы жарық орнату жұмыстары басталды, олар ақпан айының аяғына дейін аяқталады.

Айта кеткен жөн, бүгінгі таңда Алатау ауданында 700 көпқабатты үй орналасқан, ондағы 1237 үй кіреберісіне 3071 бейнебақылау камерасы орнатылған.

Биыл Алматы қаласы бойынша бейне мониторинг жүйесі камераларының жалпы саны 6000-ға дейін көбейтіледі, оның ішінде шамамен 300 бейне мониторинг жүйесі Алатау ауданында орналасатын болады.

Тұрғындардың айтары көп

Қала әкімі баяндамасын аяқтаған соң, Алатау ауданы тұрғындарының сауал-өтініштеріне жауап берді.

Алатау ауданы тұрғындарын мазалаған алғашқы сұрақтардың бірі «Артспорт» бағдарламасы болды.

– Президентіміз «Артспорт» деп балаларға жақсылық жасап еді, бірақ ол әлі Алматыда айқай-шуға ұласып отыр. Алатау ауданында 23 ықшамаудан бар. Бірде-біреуінде музыка, спорт, қолөнер мектебі жоқ. Бар баланы қала орталығына тасу мүмкін емес. Алатау ауданының 8 баласының жұмысы әлемге әйгілі Луврда 1 ай көрмеде тұрды. Сондықтан «Артспорт» мәселесі дұрыс шешілсе екен, – деді тұрғын.

Е.Досаев аталмыш бағдарламаға 16 млрд теңге бөлінгенін хабарлады.

– Мен өз баяндамада жазға дейін жаңа ғимарат ашылатынын айттым. Балалардың баратын жері болады. Күн сайын 5 мың бала деген аз емес. Енді «Артспорт» мәселесі бойынша, онда QR-код болады. Өткен жылы Алматы қаласына 20 млрд теңге бөлінді. Оның 2,5 млрд теңгесі жымқырылған. Қазір сот істері болып жатыр. Баланың болғанын тексеру үшін QR-код керек. Балабақшалар жаңа технология бойынша жұмыс істеп жатыр. Ешкім шағым айтқан жоқ. Осы жылы жалпы қалаға 16 млрд 200 миллион теңге бөлінді, Алатау ауданына арнайы 2 млрд 300 миллион теңге бөлім, – деп жауап берді шаһар басшысы.

Келесі аудан тұрғыны автобустардың сирек жүруіне шағымданды.

– №125 автобустың интервалы 40 минут. Ол «Көкжиекке» дейін барады, мен өзін осы автобуспен жүремін. Қоғамдық көліктерді бір ретке келтірсе бола ма? – деді ол.

Қойылған сұраққа Алматы қалалық мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаев жауап берді:

– Маусым айына дейін жаңа автобустар алынады. №125 автобус толығымен жаңарады. №69 маршрутта 8 метрлік автобустар жүр, оны да 10 метрлік автобустар ауыстырамыз. Негізі осы бағытта 10 автобус жүруі керек, бірақ қазір 6-ақ көлік жүреді. Жаңа автобус келген соң, 12 автобус шығарып, интервалын азайтып береміз, – деді С.Телібаев.

– Президент тапсырмасы бар. Биыл 300 жаңа автобус сатып ала-йын деп жатырмыз. Бірақ мүмкіншілік болса, тағы 200-дей автобус алуға тырысамыз, – деп қала әкімі толықтырып өтті.

Қала басшысына сұрақ қойған кезекті тұрғын Рысқұлов даңғылын ұзарту мәселесін қозғайды.

– Қазір Оңғарсынова көшесінен УААЖ-ға (Үлкен Алматы айналма жолы) дейін Рысқұлов даңғылындағы үйлерімізді бұзу мәселесі тұр. Бұл үйлерде көп балалы отбасылар, мүгедектер тұрады. Бір кездері біз жер учаскелерін сатып алдық. Енді мемлекет осы үйлерімізді сатып алу кезінде өтемақыны қашан төлейтіні белгісіз. Мұнда 200-ге жуық үй және 1500 тұрғын бар. Біз сізден үйлеріміз арқылы өтетін бұл жобаны қайта қарауыңызды сұраймыз, – деп өтінді аудан тұрғыны.

Алматы қалалық мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаев қазіргі уақытта Рысқұлов даңғылын тесу бойынша ЖСК (жобалау-сметалық құжаттама) әзірленгенін, ол мемлекеттік сараптамадан өткенін айтты.

– Жергілікті бюджеттен құрылысты бастауға ақша бөлінді. Жолдың ені алты жолақты құрайды. Егер жер учаскелерін сатып алмасақ, айтылған даңғылды ұзарту алмаймыз, – деді басқарма басшысы.

Осы орайда, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алатау ауданы жаңа қосылған аудан екенін атап өтті.

– Алматының халқы 2 миллионнан астам адамды құрайды, қаланың өз инфрақұрылымы бар. Егер біз УААЖ-ға көшелерді қоспасақ, онда кептеліс, қиындықтар туындайды. Көшелерді ұзарту үшін сатып алынған бұрынғы жерлердің өтемақысы соңғы тиынына дейін төленді. Жалпы, бұл жұмыс екі жылға есептелген – барлығын 2025 жылға дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз. Мен бұл мәселені тағы бір рет қарауды тапсырамын, бірақ жобаның ЖСК-сы бекітілді, – деді мегаполис басшысы.

Өз кезегінде келесі бір Алатау ауданының тұрғыны «Барахолка» маңындағы көлік кептелісі мен тұрақ тапшылығы туралы сұрақ қойып, айтылған жерде көпденгейлі көлік тұрақтарын салуды ұсынды.

– Сіз бұл мәселені дұрыс көтердіңіз. Біз қала бойынша көпденгейлі көлік тұрақтарын енгіземіз. Паркингтен түсетін пайда жергілікті бюджетке түседі. Биыл бұл жұмысты бастаймыз, «Алматы паркинг» қаланың коммуналдық меншігіне өтті. Сондай-ақ, «Алматы паркинг» базарлардың жанындағы орындарды бізге өткізді. Қазіргі уақытта мегаполис бойынша орындар таңдап жатырмыз. Сосын жобаны іске асыру мүмкіндіктерін қарастырамыз, – деді қала басшысы.

P.S.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Алатау ауданы тұрғындарымен биылғы алғашқы кездесуіне 300-ге жуық тұрғын қатысты. Шаһар басшысының баяндамасынан кейінгі сұрақ-жауап сессиясында Алатау ауданының тұрғындары инженерлік желілерді, жол және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, қоғамдық көлік жұмысын реттеу сынды мәселелерді көтерді. Айта кеткен жөн, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алатау ауданында
187 шақырым орталық сумен жабдықтау және кәріз желілері бойынша жұмыс аяқталды



Жалпы 42 шақырым
53 көшедегі жолға орташа жөндеу, сондай-ақ 35 көшеге ағымдағы жөндеу жүргізілді



Өткен жылы
Алатау ауданына
92 жаңа автобус берілді



Алатау ауданында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының аясында **5** мектеп салынады



Ақпан айында «Саялы» және «Қарасу» шағынаудандарында **2** дәрігерлік амбулатория құрылысы басталады



Биыл қалада камералардың жалпы саны 6000-ға дейін көбейтіліп, оның **300**-і Алатау ауданында орналасады





ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ – 1 МАУСЫМДА

Білім жүйесіндегі жаңа өзгерістерге сәйкес жылдағы соңғы қоңырау рәсімі 31 мамыр – Ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні соғылуы тиіс еді. Алайда, бұл күн халқымыздың тарихындағы ең азалы, қаралы күн. Біздің дәл осы күні думандатып жатуымыздың өзі елдікке сын, ұлттығымызға ұят екені қоғамда барынша талқыға түсті де.

«Мектептердегі соңғы қоңырау күнін 30 мамырға, болмаса 1 маусымға ауыстыру керек. Бұл – ешқандай талқылауды қажет етпейтін әділетті талап», – деп ел ағасы, Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгіновтің атына сауал да жолдады.

Мәжіліс депутаты Қазақстанда 31 мамыр – Ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне лайықты құрмет көрсетілмей келе жатқанын да тілге тиек етіп, соңғы қоңырау уақытының 31 мамырға белгіленгеніне наразылық танытты.

P.S. Еліміздің орта білім комитеті мектептердегі соңғы қоңырау күнін 30 мамырға, не болмаса 1 маусымға ауыстыру керек деген әділ әрі әділетті, талапқа сәйкес шешім шығарды. Мектептердегі соңғы қоңырау енді 1 маусым күні соғылатын болды.

ГРАНТ

ТУРИЗМДІ ДАМУҒА ҮШІН МАМАНДАР ҚАЖЕТ

Еліміздің туризм саласын дамыту үшін ең алдымен мамандар даярлауды қолға алу керек екені белгілі

Мамандар даярлау бойынша мемлекеттік тапсырыс аясында Халықаралық туризм және меймандостық университетінің студенттеріне қосымша 506 грант берілетін болды.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушыларға «туризм» мамандығы бойынша 357 грант берілгені отыр. Оның 297-сі қазақ, 60-ы орыс тобына арналған. Ал «тынығу» мамандығы бойынша студенттерге жалпы саны

54 грант ұсынылса, «мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» мамандығында мемлекеттік тапсырыспен 95 студент тегін оқитын болды.

Бұған дейін бұл гранттар дене шынықтыру және спорт саласында оқытандар үшін берілсе, биыл ол мамандықтар бойынша талапкерлерді оқуға қабылдау жүргізілмегендіктен, гранттар туризм саласына бағытталып отыр.

ЖАҢА НҰСҚА

ҚОҒАМ ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ

Қиын жағдайға тап болған балаларға дер кезінде қолдау көрсетілмесе, олардың тағдырының қай бағытқа бұрылары белгісіз. Сондықтан қоғамда осындай қиын жағдайға тура келген балаларды арнайы орталықтарға орналастыру мерзімі қайтадан қарастырылып жатыр.

Бұған дейінгі қолданыстағы талап бойынша қиын жағдайға түскен балалар 6 айға дейін қолдау орталықтарында болатын еді. Ендігі жерде жаңа өзгеріске сай баланы мұндай орындарға қабылдау алдында оның денсаулық жағдайы мен психикалық жай-күйіне бастапқы медициналық тексеру жүргізілетін болды.

Бұл ретте Оқу-ағарту министрлігінің жаңа нұсқасында «Кәметке толмағандар кәметке толғанға дейін, отбасына тәрбиелеуге орналастыру мүмкін болмаған жағдайда оларға көмек көрсету және оларды одан әрі орналастыру мәселелерін

шешу үшін 3 айдан аспайтын мерзімде өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар қолдау орталығында болады», – деп көрсетілген.

Сонымен қатар, жаңа нұсқада «Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығына алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйдегі кәметке толмағандар, сондай-ақ психикалық, мінез-құлқының бұзылу ауруларының айқын белгілері бар кәметке толмағандар орналастырылмайды», – деп көрсетіліп отыр. Осы кезге дейінгі қолданыстағы заңнама талабында мұндай талап жоқ болған.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕ



«ПЕДАГОГ КӨМЕКШІСІ» ШТАТЫН ЕНГІЗУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ЖАЛҒАСАДЫ

Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің еткен еңбегі мен төккен тері адал. Неге десеңіз, оңы мен солын танып үлгермеген бүлдіршінге тәрбие ғана емес, білім де береді. Әрбір отбасының еркелерінің қолына қалам ұстатып, қара танытады.

Осындай нағыз еңбек адамының әлеуметтік мәртебесін арттыру қазір қызу қолдауға ие болып жатыр. Осыған орай, Оқу-ағарту министрі мектепке дейінгі оқу мен тәрбие саласындағы тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін көтеру шаралары туралы бастама көтеріп отыр.

Өз сөзінде Оқу-ағарту министрі елдегі 3,7 млн баланың сапалы білімі мен саналы тәрбиесін және өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттері туралы айта келе, «Біріншіден, мектепке дейінгі оқу мен тәрбие саласында тәрбиешінің әлеуметтік мәртебесін арттыру, біліктілік пен кәсіби дамудың жаңа формаларын енгізу арқылы кадрлық әлеуетті күшейту; жалақыны орта есеппен 30%-ға арттыру; мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті ортада білім алуға мүмкіндік беру мақсатында «Педагог көмекшісі» штатын енгізу бағытындағы жұмысты жалғастыратын боламыз», – деді.

Сондай-ақ, биылдан бастап әлеуметтік осал отбасылардан шыққан мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшада тегін тамақпен қамту мәселесі қолға алынатын болды.

КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Қазіргі таңда шаштараз, визажист, косметолог, химиялық тазалаушы және бояушы, киім тігіншісі, пәтерлерді, жиһаздарды, электр құрылғыларын, телеаппаратураларды жөндейтін мамандар, фотостудия қызметкерлері сынды мамандарға деген сұраныс жоғары.

Сонымен қатар, қала өмірінде бір сәтке де тоқтамайтын құрылыс мамандарына да сұраныс өте жоғары көрінеді. Нақты дерек бойынша 2025 жылға қарай еліміз бойынша сұранысқа ие жұмыскерлердің ең көп үлесін жұмысшы мамандар құрайды екен. Тиісті сала өкілдері қазірдің өзінде Қазақстанда жұмысшы мамандарға деген сұраныстың артып отырғанын айтады. Бұл туралы мемлекеттік жастар саясатының 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасында да айқын жазылған.

Өткен жылы Алматыда колледж бітірген түлектердің 76%-ы жұмысқа орналасып, өз нәсіптерін тауып жүр. Мұның басты себебі – колледждер көбіне шаштараз, аспазшы, даяшы, қассир, тігінші, дәнекерлеуші, әрлеуші, сырлаушы, құрылысшы сияқты сұранысы жоғары мамандарды оқытады. Қаламыздағы 83 ортаарнайы оқу орнының 22-сі мемлекеттік мекеме.

Сонымен қатар, 47 колледж мемлекеттік тапсырыс бойынша сұраныстағы мамандарды оқытып жатыр.

ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҮЗДІК ҰЙЫМ

Қазір қаламыздағы мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері Оқу-ағарту министрлігінің өткен жылдың 14 қазандағы №422 бұйрығына сәйкес бекітілген жаңа бағдарламаның аясында жұмыс жүргізуді бастап та кетті.



«Мектепке дейінгі ұйымдағы топта күн бойында екі педагог» пилоттық жобаларын және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау өлшем шарттарының апробациясын да сәтті өткізді. Ұжым республикалық «Мектепке дейінгі үздік ұйым–22» атты байқауға қатысып, жүлделі екінші орынды жеңіп алды. Бұл байқауға республикамыздағы төрт мыңнан астам мектепке дейінгі мекеме қатысты. Аталмыш байқау аудандық, қалалық, республикалық кезеңдерді қамтыды. Байқау шартына сай қалалық

және республикалық кезеңдерде әр өңірдің мектепке дейінгі ұйымдарының сайттары, ата-аналармен байланысы тексерілді. Байқаудың ережесі мен талабы өте күрделі болды. Мәселен, байқаудың 9-талабы бойынша ата-аналардан сұрақ-жауап алынып, оны әділ-қазылар бағалап отырды. Байқауға қатысушылардан негізгі талап ретінде күнделікті баламен жүргізілетін жұмыстан бастап, балабақшаның Даму жоспарына дейін жіті бақылаудан өтті.

**Бетгі әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.**



2023 жылғы 17 қаңтардағы Алматы қаласы мәслихатының №210 шешімі

Алматы қаласы бойынша қалған өкілеттік мерзімге шығып қалғандардың орнына жаңадан құрылған округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін және сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 10-бабына сәйкес сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңадан құрылған округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін және сайлау комиссияларының мүшелерін Алматы қаласы бойынша қалған өкілеттік мерзіміне кеткендердің орнына сайлау.
2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап заңды күшіне енеді.

Алматы қаласы
мәслихатының төрағасы

С.КАНКУРОВ

Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №210 шешіміне қосымша				
Р/с №	Ауданның, қаланың атауы	Комиссия түрі (аумақтық, округтік, учаскелік)	Округ, учаске нөмірі	Тегі, аты, әкесінің аты
1	2	3	4	5
1.	Алматы қаласы	аумақтық		Туматов Асет Ақжанович
2.	Алматы қаласы	аумақтық		Тегисов Азамат Рашидович
3.	Алматы қаласы	аумақтық		Оразалина Нургұль Кабдулкаримовна
4.	Алматы қаласы	аумақтық		Иванова Галина Анатольевна
5.	Алматы қаласы	аумақтық		Қалымбайұлы Ержан
6.	Алатау ауданы	аумақтық		Карпұлдаева Жанна Сериковна
7.	Алатау ауданы	аумақтық		Ходжаева Лариса Семеновна
8.	Алатау ауданы	аумақтық		Жексенбаева Алуа Сериковна
9.	Алмалы ауданы	аумақтық		Гончаров Сергей Борисович
10.	Алмалы ауданы	аумақтық		Ахметова Самал Аманжоловна
11.	Алмалы ауданы	аумақтық		Утемисов Әлібек Пердебайұлы
12.	Алмалы ауданы	аумақтық		Койшыбаева Зоя Кашкинбаевна
13.	Әуезов ауданы	аумақтық		Атабек Даурен Бекмаханұлы
14.	Әуезов ауданы	аумақтық		Жаубасова Сара Егimbaевна
15.	Әуезов ауданы	аумақтық		Жаксиликова Клара Абдиби кызы
16.	Бостандық ауданы	аумақтық		Нұрадинов Нургали Мухитович
17.	Бостандық ауданы	аумақтық		Наурызбаева Марзия Токтагазиновна
18.	Бостандық ауданы	аумақтық		Сайрамбаев Қайрат Каюмович
19.	Жетісу ауданы	аумақтық		Баймуханова Марьям Ақылбековна
20.	Жетісу ауданы	аумақтық		Әбылқазы Аида Маликқызы
21.	Жетісу ауданы	аумақтық		Алтыбаева Сауле Мелдешовна
22.	Жетісу ауданы	аумақтық		Беркiмбаев Асылбек Оразович
23.	Медеу ауданы	аумақтық		Айдарбекова Марзия Галымовна
24.	Медеу ауданы	аумақтық		Кабушева Галия Кенесовна
25.	Медеу ауданы	аумақтық		Утегенова Карлығаш Климовна
26.	Медеу ауданы	аумақтық		Өмірғазынов Айдархан Абайұлы
27.	Медеу ауданы	аумақтық		Салкiмбаев Акимжан Абдрахманович
28.	Наурызбай ауданы	аумақтық		Акамбаева Асель Нұракимовна
29.	Наурызбай ауданы	аумақтық		Смағұлов Дамир Эрикович
30.	Наурызбай ауданы	аумақтық		Таукешов Маді Сембекұлы
31.	Наурызбай ауданы	аумақтық		Мусаев Марат Анварович
32.	Наурызбай ауданы	аумақтық		Шопан Анар Талғатқызы
33.	Түрксіб ауданы	аумақтық		Кенштыбаева Раиса Мурзағалиевна
34.	Түрксіб ауданы	аумақтық		Кольбаева Жамиля Елюбаевна
35.	Түрксіб ауданы	аумақтық		Жанысова Алма Садырқызы
36.	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі № 3 бір мандатты аумақтық сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы	№ 3	Есдаулетова Салтанат Болатовна
37.	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі № 3 бір мандатты аумақтық сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы	№ 3	Нуркеева Баян Сагинтаевна
38.	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі № 3 бір мандатты аумақтық сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы	№ 3	Болатова Аяулым Болатқызы
39.	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі № 3 бір мандатты аумақтық сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы	№ 3	Советхан Томирис Зурабқызы
40.	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі № 3 бір мандатты аумақтық сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы	№ 3	Бердигулова Бану Турысжановна
41.	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі № 4 бір мандатты аумақтық сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы	№ 4	Калимолдин Марат Мауленович
42.	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі № 4 бір мандатты аумақтық сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы	№ 4	Аманжолұлы Алмат
43.	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі № 4 бір мандатты аумақтық сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы	№ 4	Қудайбергенов Кенжебай
44.	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі № 4 бір мандатты аумақтық сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы	№ 4	Жуниспаева Бибигуль Самигуловна
45.	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі № 4 бір мандатты аумақтық сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы	№ 4	Кайдаулов Абдирахман Садулович
